



АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatau.araiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№27 (476) // 12 наурыз // бейсенбі // 2026 жыл

ИССАПАР

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ, ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтангазиев Балқаш ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік маңызды бар нысандарды аралады. Ауыл еңбеккерлерімен, білім саласының өкілдерімен кездесіп, ардагер аналарды мерекелік құттықтады. Бақанас ауылындағы Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимаратының ашылу салтанатына қатысты. Жұртшылықпен жүздесуде алда өтетін референдумның маңызы жөнінде де әңгіме өрбіді.

Құралбек СӘБИТОВ

Марат Елеусізұлы ең алдымен Бақбакты ауылына атбасын бұрып, мұнда ұзақ жыл білім саласында қызмет еткен ардагер-ұстаз Ділдах Сәтбаеваның шаңырағына барып, көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Ділдах Кездікбайқызы 1952 жылы Балқаш ауданының Қарой ауылында дүниеге келіп, мектепті үздік бітірген. Арман қуып, мұғалімдік мамандық иесі атанған соң Қарой, Бақбакты ауылдарындағы мектептерде ұзақ жыл бойы шәкірт тәрбиеледі. Аймақ басшысы ардагер-

ұстаздың еңбегіне жоғары баға беріп, ізгі тілегін жеткізді.

– Ұстаз – ұлт болашағын қалыптастыратын аса жауапты мамандық иесі. Сіз сияқты өмірін білім мен тәрбиеге арнаған жандардың еңбегі әрқашан құрметке лайық. Жас ұрпаққа берген тәліміңіз – елдің ертеңіне қосылған зор үлес, – деді облыс басшысы.

Бұдан соң облыс әкімі Бірлік ауылына барып, «Агрофирма Бірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымымен және ауыл тұрғындарымен кездесті. Жиында ауыл шаруашылығы саласының дамуы, өңірдегі экономикалық ахуал және ел өміріндегі маңызды саяси өзгеріс-

тер жайлы сөз қозғалды. Облыс әкімі елімізде құқықтық мемлекет қалыптастыру бағытында жүргізіліп жатқан реформаларға тоқталды.

– Бүгінгі таңда елімізде құқықтық мемлекет қалыптастыру бағытында жүйелі әрі ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысының Жарлығымен 15 наурызда республикалық референдум өтеді. Бұл науқанда біз Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді қолдап қана қоймай, әрқайсымыз ел ертеңі мен келер ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін шешім қабылдаймыз, – деген облыс әкімі ауыл еңбеккерлерінің ел дамуына қосып жатқан үлесіне тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы – елдің берекесі, халықтың несібесі. Осы салада аянбай қызмет етіп жүрген сіздер – ел экономикасының берік тірегісіздер. Өңірдің дамуына үлес қосып жатқан кәсіби әрі жауапты тұлғасыздар.

(Соңы 2-бетте) ➔

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы болып Төлеген Жолмырзаұлы Кенжебеков тағайындалды.

Төлеген Жолмырзаұлы 1986 жылы туған, білімі – жоғары. Жетісу мемлекеттік университетін «қазақ тілі мен әдебиеті», Құқық және экономика академиясын «заңгер» мамандықтары бойынша бітірген. Жетісу мемлекеттік университетінде «мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алған.

Еңбек жолын Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жастар жөніндегі маманы болып бастаған. Әр жылдары Алматы облыстық ішкі саясат, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларының бас маманы, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінде бөлім консультанты, бас маман, басқарма басшысы, облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі, Қонаев қаласы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарған.



РЕФЕРЕНДУМ – 2026

ЖАРҚЫН СӘТ СЫЙЛАДЫ

Республикалық референдум қарсаңында «Әділетті әрі прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпұлттық коалициясының қолдауымен Алматы облысында ақпараттық-түсіндіру бағытындағы түрлі іс-шара өткізілуде. Осы іс-шара барысында Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы «Ushqonyr» спорт кешенінде «Алатау» және «Қонаев» командалары арасында жұлдызды футбол шоу-матчы өтті.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

«Алатау» командасының құрамында танымал әртістер ойнаса, «Қонаев» командасында Алматы облысының белгілі спортшылары алаңға шықты. Ойынның символдық мәні де ерекше болды, атап айтқанда, іс-шараның басты ұраны «Біз жаңа Конституцияны қолдаймыз!» деп аталса, футболшылардың спорттық киімдерінде референдум өтетін күн жазылып тұрды.

Салтанатты шарада футбол бәсекесіне арнайы келген қонақтар сөз сөйледі. Облыстық мәслихаттың төрағасы, өңірлік коалицияның жетекшісі Қуат Байғожаев соңғы бір жарым айда коалиция мүшелері өткізген кездесулер мен басқа да іс-шаралар бір миллионнан астам адамды қамтығанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл шоу-матч та өскелең ұрпақ үшін жақсы үлгі болды.

– Командалық ойындарда да, өмірде де бірлік болса, жеңіс болады. Мәдениет, спорт және шығармашылық индустрия өкілдерінің осындай бастамаларды белсенді қолдап, жастарды салауатты өмір салтына шақырып жүргені қуантады. Бұл матч – тек спорт мерекесі ғана емес, сонымен бірге жаңа Конституция бойынша референдумды қолдайтынымыздың символы, – деді. Сонымен қатар ол Конституцияның преамбуласына тоқталып, онда мемлекеттіліктің негізі ретінде бірлік, ұлтаралық келісім және тәуелсіздік айқындалғанын айтты.

Облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев футбол шоу-матчы отбасылық құндылықтарды дәріптеуге де ықпал ететінін атап өтті. Себебі бұл жарқын әрі әсерлі шараға көптеген адам балаларымен бірге келген. Іс-шараны облыстық мәслихат депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров та қолдады.

Шоу-матч екі таймнан тұрды. «Алатау» командасының капитаны – белгілі әнші Жұбанш Жексен, «Қонаев» командасының капитаны – Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев болды. «Алатау» ойыншылары ақ түсті, ал «Қонаев» командасы көк түсті спорттық формада алаңға шықты.

Әр тайм 45 минутты құрады. Матчты тамашалау қызықты болды, өйткені оны кәсіби спорт комментаторы жүргізді. Сонымен қатар бұл ойында «Алатау» жұлдызды командасының құрамында танымал әнші, SuperStar KZ жобасының жеңімпаздарының бірі Нұржан Керменбаев, актер, әнші және тележүргізуші Тәуекел Мүсілім, жастар арасында танымал блогер Азат Жұмаділ, белгілі актер және жүжесер Мырза Махамбет, әйгілі иллизионист әрі фокусшы Жәніс Айтжановтар өнер көрсетті.

(Соңы 2-бетте) ➔

ҚОНЫСТОЙ

Шаңырақ игілігі

Жамбыл ауданында әлеуметтік осал топтағы 16 отбасына үй берілді. Жаңа баспана кілтін тапсыру рәсімі аудандық Мәдениет үйінде өтті. Салтанатты шарада Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ермас жаңа қоныс иелерін құттықтап, баспана кілтін табыстады.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Баспана – әр отбасының ең үлкен армандарының бірі десек, жаңа үйге қол жеткізген отбасылар үшін бұл – ерекше естен кетпес сәт. Жаңа пәтерге көпбалалы отбасылар, ерекше күтімді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған ата-аналар, әке-шеше қамқорлығынсыз қалған азаматтар, мүмкіндігі шектеулі жандар және толық емес отбасылар ие болды. Аудан әкімі өз сөзінде мемлекет тарапынан халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл мақсатта аудан орталығында салынып жатқан көпқабатты үйлердің құрылысы аяқталып, қажетті инфрақұрылымдық желілерге қосылған соң тағы 480 отбасы қоныстойын тойлайтынын жеткізді. Жаңа қоныс иелеріне шаңырақтарының шаттық пен берекеге толы болуына тілектестігін білдірді.

Жамбыл ауданындағы тұрғын үйге мұқтаж әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы жеке тұлғалардан 84 тұрғын үй сатып алынған болатын. Бұл үйлер жалдамалы баспана бағдарламасы аясында беріліп келеді. Соның 46-сы өз иесін тапқан болса, енді, міне, тағы 16 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізіп отыр. Салтанатты сәтте баспана бақытына кенелгендер де сөз алып, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға алғыстарымен қатар ақ тілектерін ақтарды. Солардың бірі – алты баланың анасы Ғалия Баймолдаева көп баламен пәтерде тұрудың қиындығын көріп келген.



Енді Ұзынағаштан өз үйіне қол жеткізгеніне өте қуанышты екенін білдірді. Осындай игі шаралар – аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты жұмыстардың нәтижесі.

Кейінгі жылдар көлемінде аудан орталығында бірнеше көпқабатты үй бой көтерді. Одан әлеуметтік осал топтағылардан бөлек кез келген азамат тұрғын үй несиесімен пәтер ала алады. Ипотекалық баспана «Отбасы банкінен» рәсімделіп, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі арқылы беріледі. Аталған бөлімнің басшысы Қайсар Әбсейітовтың айтуынша, осындай тәртіппен 62 баспана берілген болса, тағы 22-сі тапсыруға дайын тұр. Жалпы Жамбыл ауданында тұрғын үй кезегінде 6 мыңнан астам отбасы тіркелген болса, соның 3800-і – әлеуметтік осал топтағылар. Пәтер алудың ипотекалық бағдарламасына мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлері де қатысады.

Жамбыл ауданы



РЕФЕРЕНДУМ – 2026

МЕМЛЕКЕТ – МӘНГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ



Қарасай аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев облыстық және аудандық мәслихат депутаттарымен, Қарасай ауданының зиялы қауым өкілдерімен және жұртшылықпен кездесті. Басқосуды «АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Серік Нұрқадыров ашып, жүргізіп отырды.

Жиында 15 наурызда өтетін республикалық референдумның тарихи маңызы туралы айтылып, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері түсіндірілді. Өңір жұртшылығы атынан «Тәуекел-Н-Алғабас» ЖШС директоры Рүстем Өтембаев, «Ассамблея жастары» РҚБ Қарасай аудандық филиалының төрағасы Ями Мчедлидзе және ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Мәсімақынов сөз сөйледі. Олар елдегі саяси өзгерістер мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім мен жауапкершілікті арттыруға бағытталғанын атап өтті. Сондай-ақ референдум азаматтарға мемлекеттік басқаруға тікелей қатысуға мүмкіндік беріп, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуда, мәдениет пен дәстүрді дамытуда, жастардың бойына

патриоттық құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Өз кезегінде Мәлік Нұржанұлы республикалық референдумның айрықша маңызына тоқталып, Ата Заң тарихына қысқаша шолу жасады. Ол алғашқы Конституциямыз қабылданған кезең туралы айтып, оның тарихи миссиясы орындалғанын жеткізді.

– Біз жаңа Негізгі заңның қалыптасу кезеңінің басында тұрмыз. Бұл істі ел болып біріге, жұрт болып жұмыла атқаруға тиіспіз, – деді ол.

Мәлік Отарбаев өз сөзінде референдумның өткізілуі демократиялық қағидаттарды нығайтуға серпін беріп, әрбір қазақстандықтың мемлекет басқаруына белсенді қатысуының айқын көрінісі болатынын атап өтті.

Қоғам дамыған сайын заңнаманы жаңарту табиғи әрі заңды үдеріс екенін, жаңа Конституция жобасы еліміздің дамуына нақты жол ашатынын

алға тартты. Ал референдум мемлекет болашағына тікелей әсер етіп, қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту жолындағы маңызды қадам екенін айтып, саяси науқаннан тыс қалмау қажеттігін өңір жұртшылығының қаперіне салды.

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Жамбыл ауданына да барып, зиялы қауым өкілдерімен және үкіметтік емес ұйым мүшелерімен кездесті. Аудандық Мәдениет үйінде өткен басқосу «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» тақырыбын арқау етті.

Кездесудің басты мақсаты – жаңа Конституция жобасын түсіндіру, қоғам өкілдерінің пікірін тыңдау және ел дамуының жаңа кезеңіндегі өзекті мәселелерді талқылау болды. Президент кеңесшісі өз сөзінде әділетті қоғам қалыптастыру – Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық бағыттардың бірі екенін атап өтті.

«Біздің тарихымыз ғасырлар қойнауынан бастау алады және бұл сабақтастық бүгінге дейін жалғасып келеді. Мемлекет – мәңгілік құндылық, оның мәңгілігі әр азаматтың адал қызметі мен жауапкершілігіне байланысты. Конституциялық реформалар – осы тарихи жолдың заңды жалғасы. Сондықтан жаңа Конституцияны қолдау – ел болашағына деген ортақ жауапкершілігіміз», – деді Мәлік Нұржанұлы.

Жиынға қатысушылар да сөз алып, әділетті әрі прогрессивті Қазақстан құру жолындағы бастамаға қолдау білдірді және алдағы уақытта да ашық диалог алаңы жалғасатынын атап өтілді.

**Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
Серік САТЫБАЛДИЕВ**
Қарасай, Жамбыл аудандары

БӨРЕКЕЛДІ!

Елімізде баспаналы болу мәселесі басты проблема болып тұрғаны жасырын емес. Үлкен қалаларда, тіпті облыс орталықтары мен аудандарда да бұл мәселе өзектілігін жоймаған. Бүгінде Ұйғыр ауданында 2600-ден астам азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Осы мәселенің түйінін тарқату мақсатында соңғы екі-үш жыл көлемінде 60 пәтерлі екі үй баспанасыз жүрген азаматтарға берілді.

БАҚЫТ КІЛТІ



Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

2024 жылы Шонжы ауылында 40 үй салу үшін 896 миллион теңге бөлінген болатын. Аудандық құрылыс бөлімі «Компания Строй Индустрия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасасқан. Жуырда сол 40 үйдің 17-сі өз иесіне табысталды. «Отбасы банк» арқылы кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға тұрғын үй жалға берілді. Әрине, құны өтелген соң ол үйлерді азаматтар жекеменшікке ала алады. Он жеті тұрғын үйдің төртеуі жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, бесеуі I, II топтағы мүгедек азаматтарға, екі үй мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған жандарға, бес пәтер толық емес отбасыларға берілсе, біреуі жауынгерлік іс-қимыл ардагеріне табысталды. Бәрі де жылдар бойы баспана кезегінде тұрып, сарыла күйге азаматтар.

Баспана кілтін табыстау салтанатына Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова қатысып, тұрғын үй иелерін құттықтады. Өз сөзінде кезекте тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Үйлі болып жатқан 17 отбасына жақсылық тілеп, бұл да болса мемлекетіміздің қамқорлығы екенін сөз етті. Ал ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов болса ақ батасын беріп, ақжарма тілегін ақтарды. Су жаңа баспананың лентасын кию құрметіне аудан әкімі Бота Серікқызы, қоғамдық кеңес төрағасы Құралбек Ахметбайұлы, ардагер-ұстаз Ноғайбек Дәуренбеков, ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітовтер не болды. Үйлі болған жандардың қуанышына алық-жақыннан келген ағайын-туыс пен ауданның атқамінер азаматтары ортақтасып, жаңа баспаналарға бас сұғып, берілген баспана кілті бақыттың кілті болуын тілеп жатты. Қоныстой иелерінің де қуаныштары қойындарына сыймай, алғыстарын жаудырды. Бұл күні 17 шаңырақ шаттық тойын тойлады. Қарадалада алдағы уақытта әлі де қоныстойын тойлайтын азаматтар саны артпақ. Оған күн санап бой түзеп жатқан жаңа үйлер куә.

Ұйғыр ауданы

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ, ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

← (Басы 1-бетте)

«Еңбек еткенге бақыт қонады» демекші, «Бірлік» кәсіпорнының жұмысы көпке үлгі. Ұжымның күнделікті еңбегі тек өндіріс көлемімен өлшенбейді. Ол тұтынушылардың сенімімен, азық-түлік қауіпсіздігімен және өнімнің дамуына қосқан үлесімен бағаланады, – деді Марат Елеусізұлы.

Айта кетер болсақ, «Агрофирма Бірлік» ЖШС 2001 жылы құрылған. Қазіргі таңда кәсіпорында 260 адам тұрақты жұмыс істейді, ал науқан кезінде жұмысшылар саны 500-ге дейін жетеді. Шаруашылық 5447 гектар жерді игеріп, күріш, бидай және көпжылдық шөп өсірумен айналысады.

Облыс әкімі Бақанас ауылындағы аграрлы-индустриалды колледжінде де болып, оқу орнының ұжымымен тілдесті. 1977 жылы құрылған бұл білім ордасы – бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандар даярлап отырған маңызды оқу орындарының бірі. Колледж директоры Бақытжан Өксікбаев оқу орнының тыныс-тіршілігі туралы айтып, материалдық базамен таныстырды.

Кездесу барысында Марат Елеусізұлы жастарға сапалы білім берудің маңыздылығын атап өтті. Жаңа Конституция жобасында білім мен ғылымға ерекше көңіл бөлінгенін, шығармашылық еркіндікке кепілдік берілгенін жеткізді.

Облыс әкімі Бақанас ауылындағы еңбек ардагерлері Серікбала Тоғайбаева мен Рақұл Елеусізованы да мерекеміз құттықтады. Еңбек жолын халық игілігіне арнаған ардагер аналарға құрмет көрсетіп, сый-сияпат табыстады.

Одан кейін Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейі жаңа ғимаратының ашылуына қатысып, аталған нысанның маңызына тоқталды.

– Тарих – әрбір халықтың рухани тірегі, ұлттық құндылығының алтын қазығы. Өткенін кастерлеп, тарихын құрметтеген ел ғана болашаққа сеніммен қадам басады. Бүгін ашылып отырған бұл музей тек жәдігерлер жинақталған орын ғана емес, өткен мен бүгінді жалғап тұрған алтын көпір, ұлт тарихының үнсіз сөйлейтін шежіресі, – деді Марат Елеусізұлы.

Музей ғимараты жергілікті меценат Әйгерім Исабаеваның қолдауымен салынған. Өз кезегінде сөз алған меценат туған жерге қызмет ету әрбір азаматтың парызы екенін айтты. Бұдан соң ауыл ақсақалдары бата беріп, жаңа нысанның лентасы киялды.

Жаңа музейдің аумағы 363 шаршы метрді құрайды. Мұнда үш негізгі экспозициялық зал орналасқан. Онда өңірдің флорасы мен фаунасы, аудан тарихы, Дінмұхамед Қонаевтың өмірі мен қызметі жайлы деректер қойылған. Музей қорында 1800-ден астам жәдігер сақталған. Сонымен қатар музей заманауи аудио-бейне құралдарымен толық жабдықталған. Салтанатты рәсімнен кейін жиналған қонақтар музей ішін аралап, жәдігерлермен танысты.

Балқаш ауданы



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

ЖАРҚЫН СӘТ СЫЙЛАДЫ

← (Басы 1-бетте)

Ал «Қонаев» командасының құрамында Париж Олимпиадасының грек-рим күресінен күміс жүлдегері Демей Жадыраев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы, Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Таңатаров, әлем чемпионатының жүлдегерлері Нұржан Жұмажан, Ербол Қоныратов, Қорлан Жақанша, Qonaev Media телеарнасы редакциясының журналисі Қосқанат Көпжасар, белгілі айтыскер ақын Сырым Әуезхан, облыстық мәслихат депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров және басқа да спорт пен қоғам өкілдері болды.

«Алатау» командасының өкілі Тәуекел Мүсілім ойын жайлы: «Футболды бала кезімнен жақсы көремін, үнемі ойнап тұрамын. 2017 жылы Қазақстан құрамасының құрамында Ресейде өткен «Арт футбол» турнирінің чемпионы атандым. Бұл жарысқа ТМД және Еуропа елдерінің әртістері қатысты. Жаттығу – дене

дайындығын сақтаудың жақсы тәсілі. Мұндай жарыстар спорт пен белсенді өмір салтының маңызын еске салады», – деді.

«Қонаев» командасының капитаны Нұрбақыт Теңізбаев: «Бұл матчқа әртүрлі саланың өкілдері жиналды, бірақ бәрімізді спортқа деген сүйіспеншілік біріктіреді. Осындай достық ауанда ойнап, көрермендерге жағымды әсер сыйлау – біз үшін қуаныш. Бұл шоу-матчтың идеясы толықтай көңілден шықты. Біз жаңа Конституцияны қолдаймыз!» – деп өз пікірін білдірді.

Ойын өте тартысты өтті. Қатысушылар жақсы дайындық деңгейін көрсетті. Бірінші таймда екі команданың да қақпасына қауіпті шабуылдар жиі жасалды. Алғашқы болып «Қонаев» командасы есеп ашты, кейін есеп теңестірілді. Екінші таймда шешуші голды Қосқанат Көпжасаров соғып, «Қонаев» командасына 2:1 есебімен жеңіс әкелді.

Айта кету керек, танымал әртістер кәсіби спортшылардан кем түспей, лайықты қарсылық көрсете білді. Бір

сәтте олар қарсылас қақпасына гол соғуға өте жақын болды, алайда доп қақпа бағанасына тиіп, сыртқа серпілді.

Қызықты жағдайлар алаңнан тыс жерде де болып жатты. Матчка келген жасөспірімдер спортшылардың жейдесін бөлісті.

Мерекелік шара Қазақстан эстрада-сының жұлдыздары мен Алматы облысының талантты орындаушылары қатысқан концерттік бағдарламамен жалғасты. Ол көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Бұл шоу-матч үш мыңнан астам көрерменді біріктірген ерекше ойын болғанын айта кету керек. Футбол алаңында спорт пен өнер жұлдыздары кездесіп, тек күш сынасып қана қоймай, көрермендерге жарқын сәт сыйлады. Сонымен қатар спорттың адамдарды біріктіретінін көрсетіп, жаңа Конституцияны қолдайтынын білдірді және алдағы референдумда әрбір қазақстандықтың дауысы маңызды екенін еске салды.

Қарасай ауданы

Көптен күткен қуаныш

Биылғы көктем бірқатар талғарлық үшін қоныстойын тойлайтын ерекше мерекесі айналы. Панфилов ауылдық округіне қарасты Тузусай ауылында әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтағы 55 адам баспаналы болды.



Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Күнтізбе бойынша көктем кіргенімен, ауа райы әлі де айтарлықтай салқын. Соған қарамастан көппәтерлі 6 үй орналасқан тұрғын үй кешенінде көңілді музыка ойнап тұр. Жиналған жұрттың көздерінде қуаныш, жүздерінде күлкі. Олардың дені – көпбалалы, жалғызбасты аналар, мүгедек жандар және жылдар бойы баспана кезегінде тұрған осал топтағы отбасылар. Шын мәнінде бұл азаматтар көптен бері өздерінің тұрғын үй жағдайларының жақсаруын күтті және республикалық бюджеттен қаржыландырылған маңызды әлеуметтік жобаны іске асырудың арқасында армандарына қол жеткізді. Сол себепті де бұл ондаған адамның болашаққа деген сенімін арттырған жарқын сәт болды.

Баспана кілтін тапсыру рәсімінде Талғар ауданының әкімі Таңат Айдарбеков жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен құттықтап, бұған ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен аудандық құрылыс бөлімінің бірлескен жұмысының арқасында ауданымызда жыл сайын жүздеген отбасының тұрғын үй жағдайы біртіндеп жақсарып келеді, – деді аудан басшысы.

Баспана кілтін алып, осындай салтанатты шара өткізуге себепші болған жандарды қоныстойынмен құттықтаған Таңат Есенкелдіұлы 15 наурызда біздің мемлекетіміз үшін тағдыршешті қоғамдық-саяси оқиға – жаңа Конституция қабылдау жөніндегі референдум өтетінін еске салды.

Жаңа қоныс иелерін ақсақалдар атынан құттықтап, Бесағаш ауылдық округінің ақсақалы Жұмахан Дәулетшин ақ батасын берді.

Одан кейін пәтер кілттерін салтанатты табыстау рәсімі өтті. Аудан басшысы олардың әрқайсысына баспана кілтін ғана емес, сонымен бірге мерекесі орай сыйлық та табыс етті. Ұлттық дәстүрлімізге сай ардақты аналар шашу шашқаннан кейін шараға қатысушылар үй ішіне кіріп, бөлмелерді аралап көрді. Ал бұл сәтті ұзақ жылдар бойы күткен жаңа пәтерлердің бақытты иелері қуаныштан көздеріне жас алды. Олардың арасында осы күнді 12 жыл күткен үш баласы бар жалғызбасты ана, 22 жыл күткен Чернобыль апатының ардагері Жалғасбай Раметов сынды жандар бар.

Талғар ауданы



● РЕФЕРЕНДУМ – 2026

Маңызды қадам

Кеген ауданындағы Коворкинг орталығында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын түсіндіру жұмыстары аясында Мәдениет үйі қызметкерлерімен кездесу өтті.



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Іс-шараның спикері ретінде «AMANAT» партиясы Кеген аудандық филиалының төрағасы Олжас Такабаев сөз сөйледі. Кездесу барысында ұжым қызметкерлеріне жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері, оның ішінде әлеуметтік кепілдіктерге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ еңбек саласына қатысты өзгерістер кенінен түсіндірілді.

Олжас Маратұлы мұндай кездесулердің басты мақсаты – ашық диалог қалыптастыру және конституциялық өзгерістердің мәнін түсінуге қажетті құқықтық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету екенін атап өтті.

Басқосу барысында жаңа Конституция жобасында көзделген негізгі бағыттар, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін беру тетіктері, еңбек қатынастарын жетілдіру мәселелері талқыланды. Еңбек ұжымы өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, жаңа Конституция жобасының жекелеген нормалары бойынша нақты жауаптар алды.

– Біз үшін ұсынылып отырған өзгерістердің мәнін және олардың азаматтардың құқықтары мен еңбек кепілдігіне қалай әсер ететінін түсіну өте маңызды. Мұндай кездесулер адамдарға құқықтық тұрғыдан қорғалғанын сезінуге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде жұмысты байыпты әрі жауапкершілікпен атқаруға ықпал етеді, – деді Мәдениет үйінің әдіскері Бейкүт Бикебаева.

– Әр азаматтың белсенділігі маңызды. 15 наурызда өтетін референдум – ел тұрғындарының өз ұстанымын білдіруге берілген мүмкіндік. Сондықтан дауыс беруде қалыс қалмайық, бұл – ел болашағы үшін жауапты қадам, – деді Кеген ауылының тұрғыны Сабыр Досымбеков.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар жаңа Конституцияның ережелерін кенінен түсіндірудің маңызын, өзекті мәселелерді ашық талқылаудың тиімділігін және алдағы референдумға азаматтардың белсенді қатысу қажеттігін атап өтті.

Кеген ауданы

● СЕМИНАР

Отбасы қауіпсіздігі – қоғам қауіпсіздігі

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде «Құқықтық сауаттылық және қауіпсіз отбасы» атты семинар-тренинг өтті. Шараға еңбек ардагерлері, аналар кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен ата-аналар қатысты. Басқосуды ашқан Қонаев қаласы әкімінің аппарат басшысы Рахман Шахарбек өткізіліп отырған шараның мақсат-міндетіне тоқталды.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Алғашқы сөз кезегін алған облыстық аналар кеңесінің төрағасы Гүлнар Жошыбаева қазіргі кезде отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамда келенсіз құбылысқа айналып, кең таралуы әлеуметтік, психологиялық және құқықтық салдары туындаып отырғанын атап өтті. Мұның алдын алу үшін отбасындағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың бірнеше жолын көпшілік назарына ұсынды. Сонымен бірге Швеция, АҚШ, Австралия, Канада, Испания, Филиппин, Бразилия мемлекеттеріндегі отбасындағы зорлық-зомбылыққа қайта күрес пен оның алдын алу шараларының қалай жүзеге асырылатынын айта келе, біздің еліміз бен облыс көлемінде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жайын сөзіне арқау етті.

Өз кезегінде мінбеге көтерілген «Human rights lawyers» қоғамдық қорының президенті, психоанализ бағытындағы психолог Ләззат Рақышева отбасындағы зорлық және stalking тек жеке трагедия емес, ұлттық қауіпсіздік деңгейіндегі мәселе екенін, отбасы қауіпсіз болмаса, қоғам да қауіпсіз болмайтынын алға тарта сөйледі. Сонымен қатар зорлық-зомбылық пен stalking бойынша жаза қарастыратын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары мен оған енгізілген өзгерістерді жан-жақты таныстырды. Одан кейін «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының практик-психологы Жеңісгүл Хабаева отбасындағы зорлық-зомбылық пен stalkingтің психологиялық салдары жайында сөз қозғады.

– Stalking – жай ғана «мазалау» емес, адамның психикасына жүйелі қысым жасау, оның өміріне қауіп төндіретін және тұрақты стресс тудыратын әрекет. Оның құрбаны өзін үнемі бақылауда жүргендей сезінеді. Бұл адреналин мен кортизолдың тұрақты бөлінуіне әкеліп, денені «күрес немесе қашу» режимінде ұстайды. Тұрақты стресс ұйқының бұзылуына, бас ауруына, асқазан мәселелеріне және иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Stalking салдарынан туындайтын үрей мен паникалық ұстамалардың белгілері – дем жетпеу, жүрек қағуының жиілеуі, кол-аяқтың дірілдеуі, кенеттен жылау, қатты терлеу. «Қазір бір нәрсе болады» деген үнемі мазалайтын қорқыныш сезімі өмір сапасын төмендетеді. Stalking құрбандарының достарымен араласуды азайтуы, әлеуметтік желілерден кетуі, тіпті жұмыс орнын ауыстыруға мәжбүр болуы – жиі кездесетін салдар. Бұл оқшаулану жалғыздық сезімін күшейтіп, депрессияға ұшырау қаупін арттырады, – деген Жеңісгүл Жапарханқызы stalkingтің әсері физикалық зорлықтан кем еместігін, ол адамның жеке шекарасына, психикасына және өмір сүру сапасына жасалған өрескел шабуыл саналатынын, мұндай жағдайда арнайы психологиялық көмек пен әлеуметтік қолдау қажеттігін тілге тиек етті.

Келесі кезекте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген құрбандарға әлеуметтік көмек көрсету мекемесінің психологы Динара Қуатбекова сөз алып, отбасы мен балалық шақты қорғау мемлекеттің ішкі саясатының басты басымдығы ғана емес, конституциялық кепілдік екеніне жұртшылықтың назарын аударды.

Баяндамашының айтуынша, өзі қызмет атқаратын немесе ашылғаннан бері 252 әйел мен 688 балаға «Бір терезе» қағидаты бойынша көмек көрсетілген. Мұнда жәбірленушілерге көмек көрсетудің нақты және жедел алгоритмі жолға қойылған. Полиция департаменті, аналар кеңесі, ҮЕҰ және отбасын қолдау орталықтарының жұмыла атқарған жұмысының нәтижесінде осы мекемеден көмек алған жәбірленушілердің 90 пайызы өз отбасына қайта оралған. Мамандардың қажырлы еңбегі мен дұрыс таңдалған реабилитациялық бағыттың арқасында көмек алғандар арасында зорлық-зомбылықтың қайталануы мүлдем тіркелмеген.

Шара барысында Қонаев қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәметкен Нүсіпбекованың және Талғар, Қарасай, Іле аудандарының отбасын қолдау орталықтары басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Келелі жиын әжелер ансамблінің концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.


«Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елдімекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

WWW.ELECTION.GOV.KZ

● БРИФИНГ

Жыл басынан бері облыстық сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне тұрғындардан түскен бірінші шағым өткен жылдың өтініші тоқсанымен салыстырғанда екі есеге артқан.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Быттыр алғашқы үш айда 249 шағым түссе, быыл қаңтар және ақпан айларының өзінде 458 өтінім тіркелген. Олардың сипаты да өзгерген. Электронды сауда мен тұрмыстық қызметтерге көңілі толмайтындар көбейсе, ал қоғамдық тамақтану орындары мен медицина саласына қатысты шағымдар азайған. Сондай-ақ бұрын сирек кездесетін жаңа қызмет түрлері енгізілген «басқа» санаты бойынша өтінімдер де артып келеді. Себебі қазір тауарды онлайн сауда дүкендерінен тапсырыс беріп алатындар көп. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар

Тұтынушы құқығы ескеріледі

қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте облыстық сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары Ермек Әбікенов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, азамат алдымен шағымын тікелей сатушыға немесе өндірушіге жолдауы қажет. Оны өзі барып, қолма-қол тапсыра алады, хабарламамен немесе компанияның электронды поштасына хат жолдауға да болады. Сатушы шағымды күнтізбелік он күн ішінде қарап, келіспеген жағдайда дәлел келтірілген құжаттарды бірге ұсынуға міндетті.

– Кейде өтініш құжаттар толық тіркелмеген күйде келеді. Бұл жұмысымызды едәуір қиындатады. Біз тек сөзге сүйеніп шешім қабылдай алмаймыз. Сатушының жеке деректері, шағымның көшірмесі, оған берілген жауап, түбіртектер мен келісімшарттарды

жіберу міндетті. Құжаттар толық болған жағдайда ғана істі мәні бойынша қарап, мемлекеттік бақылау шараларын қолдануға болады. Сондықтан тұтынушыларды дәлелдерді мұқият жинауға шақырамыз, бұл баршамамыздың уақытымызды үнемдейді, – деген Ермек Нұрқайымұлы дауды шешу тетіктері жайлы да баяндады. Ол үш сатыдан тұрады. Алдымен сатушыға, кейін мемлекеттік органдарға, содан соң сотқа жүгіну керек. Барлық кезеңнен өту сотқа талап-арыз беру үшін міндетті шарт емес. Бірақ моральдық зиянды өтеу мәселесі сотта немесе сотқа дейінгі реттеу субъектілері арқылы қаралады және азаматтық заңнама талаптарына сәйкес реттеледі.

Жыл басынан бері келіп түскен барлық өтініш заңнамаға сәйкес қаралып, әрқайсысы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілген, қажетті шаралар қабылданған.

Бәрінен өмір қымбат!

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы облысының психологиялық денсаулық орталығы директорының орынбасары Роман Юрьев ағымдағы жағдай және суицидтің алдын алу шаралары жайлы баяндама жасады.

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

– Бүгінгі таңда суицид жасау әрекеттерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 1,3%-ға төмендеді. Суицид әрекеттері арасында 18-24 жастағы әйелдер мен кәмелетке толмаған қыздардың үлесі жоғары. Мұндай оқиғалар Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарында көп тіркелген. Оған отбасындағы зорлық-зомбылық, алкогольді немесе өзге де психобелсенді заттарды қолдану, отбасы асыраушысы ретіндегі ер адамның қаржылық дәрменсіздігі және табыс тапшылығы себеп болуда.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы облысы бойынша экономикалық терген-тексеру департаменті басшысы Әлібек Төлепбергенов баспасөз мәслихатын өткізді.

Спикердің айтуынша, өткен жылы өңірдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау бағытында жүйелі әрі дәйекті жұмыстар атқарылып, негізгі назар ауқымды қылмыстық схемалардың жолын кесуге, заңсыз алынған қаражатты мемлекетке қайтаруға және азаматтарға келтірілген залалды өтеуге, сондай-ақ жаңа тәуекелдердің алдын алуға аударылды.

Ең резонансты істердің бірі – Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығында анықталған қылмыстық схема. Қызметкерлер қатарынан құрылған ұйымдасқан топ жалған құжаттар арқылы 851 автокөлікті заңсыз тіркеген. Мемлекетке 6,6 млрд теңге көлемінде залал келтірілді. Алайда схеманы анықтау ғана емес, келтірілген шығынды өтеу де маңызды. Осы мақсатта жалпы құны 15,8 млрд

нығайту және суицидтік мінез-құлық тәуекелдерін төмендету мақсатында 2026-2028 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспар әзірленді.

Облыстық психикалық денсаулық орталығы қамелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша кешенді тәсілді енгізу мүмкіндігін қарастыруда. Атап айтқанда, қашықтықтан кеңес беру мен мониторинг жүргізуге арналған EMDEU AI+ телемедициналық платформасын қолдану жоспарлануда.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап психикалық денсаулық орталығының мамандары Денсаулық сақтау министрі бекіткен 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасы аясында облыс көлемінде аутодеструктивті мінез-құлықтың (буллинг, ойын және құмар ойындарға тәуелділік, лудомания, психобелсенді заттарды қолдану және басқалары) және суицидтің алдын алу бағытында тұрақты түрде іс-шаралар өткізіліп келеді, – деді ол.

Жүйелі жұмыс жалғасады

теңгені құрайтын автокөліктерге тыйым салынды.

«AMANAT HOME» және «Аманат Драйв» қаржы пирамидаларын ұйымдастырушыларға қатысты тергеу аяқталып, 12 мың салымшы зардап шекті. Келтірілген шығын 34 млрд теңге болды. Сонымен қатар рұқсат құжаттарысыз төрт тұрғын үй кешенін салу үшін 100-ден астам азаматтан 950 млн теңге тартқан «Торедо» құрылыс компаниясына қатысты тергеу аяқталды. Компания басшылығы ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар экономикалық қылмыстың жаңа түрлерінің жолы жүйелі түрде кесілуде. 7,7 млрд теңге көлемінде криптоайырбастау пунктін заңсыз қызметін ұйымдастырған шетелдік азаматқа қатысты үкім шығарылды. Автокөліктер мен криптовалюта тәркіленіп, «1-WIN» онлайн-казиносының заңсыз қызметі бойынша алынған 427 млн теңге көлеміндегі мүлік пен қаражат сотқа дейінгі тәркілеу тәртібімен өндірілді. Сондай-ақ екі жасырын ойын залы, контрафактілік алкоголь мен темекі өнімдерін өткізу

арналары жойылып, жүздеген мың өнім мен жалған акциздік маркалар да жойылды.

Қаржылық мониторинг агенттігі облыстағы мектептер мен колледждерде қамелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған «Qarzhy Sagshyly» компьютерлік ойынын өткізді. Қатысушылар белсенділік танытып, жақсы нәтижелер көрсетті, ал біздің үш оқушымыз республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болды. Осылайша өткен жыл ұйымдасқан қылмыстық схемаларды және қылмыстық кірістерді заңдастыру фактілерін анықтаудан бастап, нақты залалды өтеуге, бюджетті және азаматтардың мүдделерін қорғауға, сондай-ақ өңірдің экономикалық қауіпсіздігіне төнетін жаңа қатерлердің алдын алуға дейінгі кешенді әрі жүйелі жұмыстарға бағытталды. Экономикалық құқықбұзушылықтар туралы кез келген оқиғаны «AFM Insider» Telegram-боты арқылы және 1458 сенім телефонына хабарлауға болатынын еске саламыз, – деді Әлібек Есенайұлы.

Тоғжан АСХАТҚЫЗЫ



● **МЕРЕКЕ ШУАҒЫ**

АНАҒА ҚҰРМЕТ



Халықаралық әйелдер күніне орай, Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев әр ауылда ғұмыр кешіп жатқан ардагер аналарды қабылдап, мерекеге лайық құрмет көрсетті.

● **Жұмабек ТҮРДИЕВ**

Кездесуге арнайы шақырылған аналардың алды 90 жасты алқымдаса, кейінгілері 70-тің ішін аралаған, саналы ғұмырын қарапайым еңбекпен өріп, күш-жігерін еселі еңбекпен шыңдаған, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан

аяулы жандар. Бірі алып тракторды тізгіндеп, шаруашылықтың сан салалы наукандық жұмыстарының бел ортасынан табылса, екіншісі ақтылы қой өргізіп, мал санын өз төлі есебінен көбейтуге қажыр-қайратын жұмсаған. Жаздың аптабы, жаңбыр мен желдің өтінде егін, шөп, картоп суарып, өнім молшылығы жолында тер төкті. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет

саласында да асыл аналарымыздың еңбегі зор.

–Мына жарық дүниеде ананың мейіріміне жететін ешнәрсе жоқ. Аудан тарихындағы жетістіктің бәрі де сіздердің еңбектеріңіз арқылы қаланғанын жақсы білеміз. Сондықтан сіздер қай қоғамда болсын, құрметке лайық жансыздар, – деген аудан әкімі аналарды мерекемен құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады. Естелік сыйлықтар тапсырды.

Сөз кезегі келгенде аудандық аналар кеңесінің төрағасы Балжан Омарова, «АМАНАТ» партиясы Райымбек аудандық филиалының төрағасы Гүлнара Әріпова, Құлдерия Алтынбекова, Базарқан Теміржанова, Люба Құлбаева сынды еңбек ардагерлері ниет-тілектерін білдірді. Бүгінгідей еншісі ерек мерекеде өздеріне орны бөлек құрмет көрсетіп отырған аудан әкіміне, ел тізгінін ұстаған азаматтарға шынайы ризашылық пен жүрежарды алғыстарын айтты.

Осы күні Б.Мұқай атындағы аудандық Мәдениет үйінде аналар мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Ауданның барлық саласында абыройлы еңбек етіп жүрген ақ жаулықты аналарға аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Мәдениет үйінің өнерпаздары көрерменге әсем ән, көркем би тарту етті.

Райымбек ауданы

● **ТАБИҒАТЫМ – ТАЛБЕСІГІМ!**

«Шелек орман шаруашылығы» КММ табиғаттың теңдессіз байлығын көздің қарашығындай сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Соның ішінде мекеменің Іле және Табан-Қарағай орманшылықтарында өрттің алдын алу басты назарға алынған.

Орман – ел байлығы



Жазғы маусымның басталуымен орманға келетін демалушылар мен жергілікті тұрғындардың қатары артады. Осыған орай, мамандар тарапынан кең көлемде үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылуда. Жиын барысында орманшылар мен демалыс аймағының қонақтарына тілсіз жаяудың алдын алу шаралары егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Мамандардың айтуынша, орман өртінің басым бөлігі адам факторынан, яғни абайсыздықтан орын алады. Сондықтан орман алқабында ашық от жақпау, шыны қалдықтар мен сөндірілмеген сіріңке тастамау туралы арнайы жадынама таратылып, ақпараттық билбордтар жаңартылды. «Орман – ел байлығы, оны келер ұрпаққа аман-есен жеткізу – біздің кәсіби міндетіміз ғана емес, әрбір азаматтың адами парызы», – дейді мекеме өкілдері.

Мекеме қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында арнайы оқыту семинары да тұрақты өтуде. Бұл шаралар орманды қорғау жұмыстарын заманауи әдістермен жүргізуге үлкен септігін тигізбек.

Құрметті табиғат жанашырлары! Ата-бабамыздан мұраға қалған жасыл желекті өрттен бірге қорғайық. Сақтық шарасына бейжай қарамай, табиғатқа жанашырлық танытуға шақырамыз.

Құрманбек МЫРҚАСЫМОВ,
Табан-Қарағай орманшылығының орманшы көмекшісі
Еңбекшіқазақ ауданы

Асыл жандар ардақталды

Қонаевтағы қазақ орта мектеп-лицейінің мәжіліс залында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Халықаралық әйелдер күніне арналған «Шабдымның шамшырағы – ана» атты мерекелік кеш өтті. Балалар өнер мектебінің педагогтері Индира Әбілғаева мен Алтынай Бекенованың орындауындағы «Абзал ана» әнімен шымылдық түрген салтанатты шарада Қонаев қалалық білім бөлімінің басшысы Мөлдір Құрманалиева жиналған қауымды құттықтады.



● **Айжарық КӨПТІЛЕУОВ**

– Ұстаз – шәкірт жүрегіне білім нәрін сеуіп, ақылымен жол көрсететін, қамқорлығымен бағыт беретін екінші ана, ұлт болашағының шамшырағы. Бұл мерекеде білім саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер-ұстаздар мен ұлағатты басшыларға ерекше алғыс білдіреміз. Сіздердің атқарған қажырлы еңбектеріңіз – бүгінгі біздің жетістігіміздің берік іргетасы. Өмірлік тәжірибелеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіз – өскелең ұрпақ үшін әрқашан таптырмас тағлым мектебі, – деген білім бөлімінің басшысы

осынау жарқын мерекеде баршаның алға қойған асыл мұраты жүзеге асып, өмір жолының сәттілікке толы болуына тілектестік білдірді.

Сахна төрінде білім саласында ұзақ жыл еңбек етіп, тәжірибе мен өнеге қалдырған Дәметкен Нүсіпбекова, Раиса Ешімова, Сәуле Нұрсолтанова сынды ардагер-ұстаздарға құрмет көрсетілді. Зейнетке шыққан ақ жаулықты апалар және саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан арулар Алғыс хатпен марапатталды.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Талай дарынның бағын ашып, жұлдызын жаққан «Жас

музыкант» байқауының облыстық кезеңінде топ жарып, Астанада өтетін республикалық жарысқа жолдама алған Руслан Мұхамеджанов өзінің шеберлігін, музыкаға деген сездіс махаббатын көпшілікке паш етті. Бұдан кейін Нұржарыс Нұрғожаев, Несібелі Нұржолы, Акерке Жарылқап халық әндерін асқақтата шырықп, кеш көрігін қыздыра түсті. Сонымен бірге «Визави» халықтық-сахналық би ансамблі, «Әдемі-ай» хоры, «Тұлпар сазы» домбырашылар ансамблі өз өнерлерін ортаға салып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Қонаев қаласы

Ердің жүгін көтерген



Кеген аудандық Мәдениет үйінде шұғылалы көктемнің шуақты мерекелерінің бірі – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға өңір әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, ауданның ардақты аналары мен түрлі салада еңбек етіп жүрген асыл жандар қатысты.

● **Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ**

– Ауданымызда ердің жүгін көтеріп, басқарма, мекеме басқарып жүрген, ауданның әлеуметтік-экономикалық

дамуына, еліміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келе жатқан әпке-қарындастарымыз баршылық. Қоғамның түрлі саласында жемісті еңбек етіп жүрген нәзік жандардың

жетістігін атап өту міндетіміз. Біз сіздермен мақтанамыз, – деп жылы лебізін білдірген Нұрбақыт Молдахметұлы аудандық мәслихат депутаты Нұргүл Иманәліқызына облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің Құрмет грамотасын, аудандық қазынашылық басқармасы басшысы Ғайсагүл Тұрғанқызына «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін, аудандық кітапхана директоры Индира Ахметоваға жаңа қызметтік көлік кілтін салтанатты түрде табыс етті. Сондай-ақ түрлі салада абыройлы қызмет атқарып жүрген бірқатар қыз-келіншектерге аудан әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Аудан прокуроры Алмат Әметжанұлы, аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғыман, ақсақалдар алқасының төрағасы Қуанышбек Төлепбердиев, аудандық «Қорғау» кәсіподағы филиалының төрағасы Рысалды Таударбекова әйелдерді мерекемен құттықтап, оларға денсаулық, бақ-береке тіледі.

Салтанатты жиын соңы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысы Түп аудандық шығармашылық ұжымының қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласып, жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кеген ауданы

27.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде ҚО мен ТРЖҮДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «Қапшағай-Тас» құрылыс тасы кең орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «The best stone» ЖШС, БСН: 240940022804, мекенжайы: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылы, Тұтыну кооперативі «Есік-Береке» БҚ, 2 Аллея, 78 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҮДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 27.03.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Капшағай-Тас», расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «The best stone», БИН: 240940022804, адрес: Алматинская область, Еңбекшіқазақ район, с.Рахат, Потребительский кооператив СО «Есік-Береке», Аллея 2, дом 78, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

ЕГЕР СІЗ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ «АЛАТАУ АРАЙЫ» ГАЗЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ, ЕСКЕ АЛУ, ЖАРНАМА, МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАҚАЛА, ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРГІНІЗ КЕЛСЕ, МЫНА ТЕЛЕФОНДАРҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ:
8 747-688-17-41, 8 708-210-95-71.

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИАУЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҮНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қыздарының білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 268

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ